

## Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 14 мамырдағы N 1368 Жарлығы.

" Президент пен Үкімет  
актілерінің жинағында "  
жариялануға тиіс

Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясына үміткерлерді іріктеу және оны тағайындау жөніндегі жұмысты одан әрі жетілдіру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мына актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясына үміткерлерді іріктеу және оны тағайындау туралы ереже мен Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 қазандағы N 470 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2000 ж., N 43, 503-құжат):

аталған Жарлықтың мемлекеттік тілдегі тақырыбы мен бүкіл мәтіні бойынша " республикалық комиссия" деген сөздер өзгеріссіз қалдырылады;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Қазақстан Республикасы орталық және жергілікті атқарушы органдарының басшылары жыл сайын 1 қыркүйектен кешіктірмей Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияға "Болашақ" бағдарламасы бойынша мамандар даярлауға өтінім беріп тұрсын.";

аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясына үміткерлерді іріктеу және оны тағайындау туралы ережелер осы Жарлықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

аталған Жарлықпен бекітілген Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия туралы ережеде:

тақырыбынан басқа, бүкіл мәтіні бойынша "республикалық комиссия" деген сөздер "Республикалық комиссия" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Республикалық комиссияның жұмыс органы болып табылады.";

4-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Болашақ" стипендиясы бойынша кадрлар даярлау жүзеге асырылатын, Қазақстан неғұрлым қажетсінетін мамандықтардың жыл сайынғы тізбесін бекіту";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Республикалық комиссияның төрағасы республиканың заңдары мен осы Ережеге сәйкес оның жұмысын ұйымдастырады және Республикалық комиссияның қызметін қамтамасыз етеді, сондай-ақ жұмыс органының ұсынуы бойынша стипендиаттарды іріктеудің бірінші туры өткізу жөніндегі сараптау комиссиясының ережесі мен құрамын бекітеді.";

6-тармақта "жоғары оқу орындарының ректорлары мен шетелдік тәуелсіз" деген сөздер "жұмыс органы және шетелдік" деген сөздермен ауыстырылсын;

10 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Республикалық комиссияның жұмыс органы мынадай функцияларды жүзеге асырады:"

үшінші абзацта "өткізудің ұйымдастырылуын" деген сөздер "ұйымдастыруды және өткізуді" деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы абзацта "қажетті құжаттардың" деген сөздердің алдынан "Болашақ" стипендиясы бойынша шетелде оқуды ұйымдастыру мәселелері жөніндегі" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Болашақ" стипендиясына үміткерлердің құжаттарын қабылдауды жүзеге асырады; стипендиаттармен келісім-шарттар жасасады және олардың орындалуын бақылауды қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

шетелдік серіктестер және Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері ұсынатын шоттардың негізінде "Болашақ" стипендиаттарын оқытуға жұмсалатын шығыстардың сметасын жасайды;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шетелдік жоғары оқу орындарында "Болашақ" стипендиаттарының оқуына ақы төлеу үшін валюталық құндылықтарды пайдаланумен байланысты операцияларды жүргізуге лицензия алады;

Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясына үміткерлерді іріктеу және оны тағайындау туралы ереженің 2-тармағына сәйкес шетелдік серіктестер мен шетелдегі мекемелердің шоттарына ақша аудару жолымен оқуы, тұруы, тамақтануы үшін төлем және басқа да шығыстар жасайды;

Республикалық комиссияның қарауына "Болашақ" стипендиясы бойынша кадрлар даярлау жүзеге асырылатын, Қазақстан неғұрлым қажетсінетін мамандықтар тізбесін енгізеді";

*Ескерту. 2) тармақшаның күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.*

2. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының**

*Президенті*

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2004 жылғы 14 мамырдағы  
N 1368 Жарлығына  
қосымша

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2000 жылғы 12 қазандағы  
N 470 Жарлығымен

Бекітілген

**Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ"  
халықаралық стипендиясына үміткерлерді іріктеу және  
оны тағайындау туралы Ереже**

Осы Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің "Шетелде кадрлар даярлау үшін Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендияларын белгілеу туралы" 1993 жылғы 5 қарашадағы N 1394 қаулысымен бекітілген, шетелде кадрлар даярлау үшін Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясына (бұдан әрі - "Болашақ" стипендиясы) үміткерлерді іріктеу мен оны тағайындаудың тәртібін айқындайды.

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Болашақ" стипендиясы дербес болып табылады және оны жарияланатын рейтингтерге сәйкес үздік көрсеткіштерге ие болған шетелдік жоғары оқу орындарында Қазақстан Республикасы үшін экономика мен әлеуметтік аяның басым салалары бойынша магистр (шебер) дәрежесіндегі мамандар, сондай-ақ білім беру және ғылым ұйымдары үшін доктор дәрежесіндегі ғылыми-педагогикалық кадрлар және денсаулық сақтау ұйымдары үшін клиникалық ординатура, аспирантура және докторантура деңгейінде мамандар даярлау мақсатында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия (бұдан әрі - Республикалық комиссия) жыл сайын тағайындайды.

2. "Болашақ" стипендиясы республикалық бюджеттен төленеді және ол оқу, визаларды ресімдеу үшін жұмсалатын шығыстардың барлық түріне ақы төлеуді, шетелдік жоғары оқу орындарының сауалнама нысандарына ақы төлеуді, қабылдаушы елдердің уәкілетті органдарында стипендиаттарды тіркеуді, стипендиаттарды шетелдік

жоғары оқу орындарына орналастыру жөніндегі шығыстарға ақы төлеуді, телефон, электрондық, почта байланысына, тұруына, тамақтануына, оқулық әдебиетке, медициналық сақтандыруға, оқуға түскен кезде Қазақстанда тұратын жерінен оқитын жеріне және оқуды бітіргеннен кейін қайтуға, оқу мерзімі бір жылдан астам болған жағдайда әрбір оқу жылынан кейін Қазақстандағы тұратын жеріне дейінгі және қайту жолына шығыстарды, үміткерлерді іріктеу жөніндегі сараптау комиссиясының шығыстарын, шетелдік серіктестердің Республикалық комиссияның жұмыс органымен шарттары бойынша олардың міндеттемелерін орындауына байланысты шығыстарын, сондай-ақ конкурстық іріктеуді ақпараттық қолдауды: бұқаралық ақпарат құралдарында хабарлауды, конкурстың қорытындыларын ресми баспасөзде жариялауды, өңірлердегі тұсаукесер іс-шараларды қамтиды.

Стипендияның мөлшерін әрбір оқу орны бойынша шетелдік оқу орны, шетелдік серіктестер, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері ұсынған калькуляцияның негізінде Республикалық комиссияның жұмыс органы белгілейді.

3. "Болашақ" стипендиясы магистратурада оқу үшін 1 жылдан 2 жылға дейінгі мерзімге, аспирантура мен докторантурада оқу үшін 3 жылдан 4 жылға дейінгі, бірақ шетелдік оқу орнының оқу жоспарында көзделген мерзімнен аспайтын мерзімге тағайындалады. Осы Ереженің 6-тармағының екінші абзацында көзделген жағдайларда оқу мерзімі бір семестрге ұзартылады. Стипендия стипендиаттарға Республикалық комиссияның жұмыс органы мен стипендиат арасында жасалатын келісім-шарттың негізінде бөлінеді.

"Болашақ" стипендиясы бір рет тағайындалады.

## **2. "Болашақ" стипендиясына үміткерлерге қойылатын талаптар**

4. "Болашақ" стипендиясын беруге арналған конкурсқа қатысуға Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарын бітірген және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс істеген Қазақстан Республикасының 35 жасқа дейінгі азаматтары жіберіледі. Медициналық мамандықтар бойынша оқуға үміткерлердің денсаулық сақтау ұйымдарындағы 3 жылдан кем емес жұмыс стажы болуға тиіс. Магистрлік бағдарлама бойынша ординатура мен аспирантурада оқу үшін үміткердің кәсіптік жоғары білімі болуға тиіс. Докторлық бағдарлама бойынша оқу үшін үміткердің магистр немесе ғылым кандидаты дәрежесі болуға тиіс.

Конкурсқа сондай-ақ әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің жарияланатын рейтингтерге сәйкес үздік көрсеткіштерге ие болған шетелдік жоғары оқу орындарына магистратураға, аспирантураға, докторантураға өз бетінше оқуға түскен Қазақстан Республикасының азаматтары да қатыса алады.

5. Кандидаттар мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс:

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орнын бітіргендегі орташа үлгерім балы 4, 5 - тен кем болмауға тиіс;

қабылдаушы тараптың тиісті тестілері мен емтихандарын тапсырғаны туралы

сертификаттармен, шетелдік тәуелсіз сараптау комиссиясының тұжырымымен немесе басқа да құжаттармен расталған шет тілдерінің (ағылшын, неміс, француз және басқа) б і р і н е р к і н б і л у г е ;

компьютерді пайдаланушы режимінде білуге;  
жарияланымдармен, авторлық куәліктермен, баяндамалардың тезистерімен, дипломдармен, грамоталармен расталған ғылыми-зерттеу жұмысына белсене және н ә т и ж е л і қ а т ы с у ы ;

Қазақстан Республикасының тарихы мен мәдениетін, мемлекеттік құрылымын, мемлекеттік рәміздерін білуге тиіс.

Доктор дәрежесіне оқуға үміткерлер сонымен қатар білім беру (ғылым) ұйымының Ғылыми кеңесінің ұсынымын тапсыруға тиіс.

Шетелдік оқу орындарына магистр, аспирант, доктор бағдарламалары бойынша өз бетімен оқуға түскен тұлғалар:  
дәлелді өтінішін;

үміткер оқып жатқан шетелдік оқу орнының ұсынымын қосымша ұсынады.

Доктор бағдарламасы бойынша оқуға түскендер сонымен қатар шетелдік оқу орны бекіткен докторлық диссертациясының кеңейтілген жоспарын тапсырады.

6. Инженерлік, техникалық және медициналық мамандықтар бойынша үміткерлер "Болашақ" стипендиясына арналған конкурсқа осы Ереженің 5-тармағында көзделген шет тілдерінің бірін еркін білуі туралы талап ескерілместен, қатыса алады.

Инженерлік, техникалық және медициналық мамандықтар бойынша оқытуға арналған конкурстың жеңімпаздарына "Болашақ" стипендиясының есебінен шет тілі бойынша бір семестрлік даярлықтан өтуге рұқсат беріледі. Егер стипендиат шет тілін магистр, ординатор, аспирант немесе доктор бағдарламасы бойынша оқу үшін қажетті көлемде меңгермеген жағдайда, ол "Болашақ" стипендиясы бойынша оқуын одан әрі жалғастыру құқығынан айырылады және шет тілін алдын ала үйренуге жұмсалған шығындарды республикаға өтейді.

### **3. "Болашақ" стипендиясын алуға үміткерлерді іріктеудің тәртібі**

7. "Болашақ" стипендиясын алуға іріктеу үш турдан тұрады, ал әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің жарияланатын рейтингтерге сәйкес үздік көрсеткіштерге ие болған жоғары оқу орындарында магистр, ординатор, аспирант, доктор бағдарламалары бойынша оқуға өз бетінше түскен азаматтар үшін бір турдан (соңғы үшінші тур) тұрады.

Бірінші турға осы Ереженің 5, 6-тармақтарында баяндалған өлшемдерге сәйкес келетін және жыл сайын Республикалық комиссия бекітетін Қазақстан неғұрлым қажетсінетін мамандықтар тізбесіне сәйкес салаларда маманданып жүрген кандидаттардың қатысуға құқығы бар.

Жұмыс органы бірінші турды өткізуге дейін ресми баспасөзде конкурстың басталуы туралы хабарландыру және Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ"

халықаралық стипендиясына үміткерлерді іріктеу және оны тағайындау туралы ережені жариялайды, сондай-ақ үміткерлердің құжаттарын қабылдауды және олардың белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады, осыдан кейін оларды сараптау комиссиясының қарауына жібереді.

Конкурстың бірінші туры сараптау комиссиясы жыл сайын маусымның 1-не дейін өткізеді. Сараптау комиссиясының ережесі мен құрамын жұмыс органының ұсынуы бойынша Республикалық комиссияның төрағасы бекітеді.

Жұмыс органы конкурстың бірінші турынан кейін бір апта ішінде ресми баспасөзде конкурстың екінші турына ұсынылған үміткерлердің тізімін жариялайды және оны шетелдік сараптау комиссиясына береді. Конкурстың екінші туры жыл сайын 5 маусым - 5 шілде аралығында шетелдік сараптау комиссиясы өткізеді. Бірінші турдан ойдағыдай өткен үміткерлер шет тілдерінің бірін еркін меңгергендігіне тестілеуден және әңгімелесуден өтеді. Шетелдік сараптау комиссиясының құрамын және жұмысын ұйымдастыруды "Болашақ" стипендиаттарын оқуға қабылдайтын шетелдің уәкілетті ұйымымен бірлесіп, Республикалық комиссияның жұмыс органы белгілейді. Тестілеудің нәтижелері бойынша сарапшылар жұмыс органы белгілеген нысанда әр кандидатура бойынша өзінің қорытындысын береді.

Әрбір кандидатура бойынша жеке қорытындылар Республикалық комиссияның жұмыс органына екінші тур аяқталғаннан кейін бір ай мерзімде тапсырылады.

Республикалық комиссияның жұмыс органы шетелдік сарапшылардың қорытындылары мен "Болашақ" стипендиясына үміткерлердің ресми сертификаттарының көшірмелерін, екі іріктеу турынан ойдағыдай өткен, сондай-ақ әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің үздік жоғары оқу орындарына магистр, ординатор, аспирант немесе доктор бағдарламалары бойынша өз бетінше оқуға түскен үміткерлердің жеке істерімен қоса үшінші турға ұсынады.

Конкурстың үшінші туры Республикалық комиссия жыл сайын 1 тамыздан к е ш і к т і р м е й ө т к і з е д і .

Республикалық комиссия екі іріктеу турынан өткен, сондай-ақ әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің үздік жоғары оқу орындарына магистр, ординатор, аспирант немесе доктор бағдарламалары бойынша өз бетінше оқуға түскен үміткерлердің жеке істерін зерделейді және жеке әңгімелесу өткізеді. Республикалық комиссия әңгімелесудің нәтижелеріне және Қазақстан Республикасының мамандарға деген қажеттілігіне сәйкес стипендияға кандидаттарды іріктейді.

8. Шетелде оқуға ұсынылған үміткерлерге "Болашақ" стипендиясын тағайындау туралы түпкілікті шешімді Республикалық комиссия қабылдайды.

Шешім мәжілістің хаттамасымен ресімделеді және оған комиссияның қатысып отырған барлық мүшелері қол қояды.

**4. Шетелде оқыту үшін стипендиатпен келісім-шарт міндеттемелерін жасасу мен орындау**

9. Республикалық комиссия "Болашақ" стипендиаттарының тізімін бекіткеннен кейін Республикалық комиссияның жұмыс органы стипендиатпен келісім-шарт ж а с а с а д ы .

Келісім-шарт міндетті түрде:  
келісім-шарттың мәнін;  
тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін;  
осы Ереженің 12-тармағында көзделген жағдайда стипендиаттың оны оқытуға жұмсалған қаражатты қайтаруы жөніндегі міндеттемелерін орындауын қамтамасыз е т у д і ң т ә с і л і н ;

оқытудың мерзімі мен шарттарын;  
осы Ереженің 13-тармағында көзделген жағдайдан басқа, стипендиаттың (шетелде оқуы аяқталғаннан кейін) бес жыл өтеу жұмысын істеуі үшін міндетті түрде Қазақстан Республикасына қайтып оралуы туралы шартты қамтуы тиіс.

10. Келісім-шарт "Болашақ" стипендиаттарын оқытуға шетелдік серіктестерге, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелеріне ақша аудару үшін негіз болып т а б ы л а д ы .

11. Шетелдік серіктестерге, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелеріне ақша аударғаннан кейін Республикалық комиссияның жұмыс органы келісім-шартта көрсетілген мерзімде шетелдің жоғары оқу орындарында оқыту үшін стипендиаттарды жіберуді қ а м т а м а с ы з е т е д і .

12. Егер стипендиат оқу бағдарламасынан дәлелсіз себептермен шығып қалса, келісім-шартта көзделген өзінің міндеттемелерін орындамаса, ол оны оқытуға жұмсалған ақшаның бүкіл сомасын қайтаруға тиіс.

13. Стипендиаттың Республикалық комиссияның жазбаша келісімін алған жағдайда шетелдегі халықаралық ұйымға еңбекпен өтеуі үшін жұмысқа тұруына құқығы бар.

Стипендиаттардың жұмысқа тұруға құқығы бар халықаралық ұйымдардың тізбесін жыл сайын Республикалық комиссия бекітеді.

14. Стипендиат келісім-шартта көрсетілген форс-мажорлық жағдайлардың салдарынан өзінің міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамаған жағдайда оған жауапты болмайды.